**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** КМҚК «Шуақты –Шұғыла» бөбекжай балабақшасы
**Топ** «Қошақан» кіші тобы
**Балалардың жасы** 2-3 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 19-23 қыркүйек 2022 жыл

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Ата-аналармен жеке әңгімелесу, Жеке балалармен жұмыс, дене қызуы мен тазалығына көңіл бөлу, жағымды жағдай орнатуға арналған ойындар. Әнұран айту. **Көркем әдебиет «Қуыр-қуыр, қуырмаш»** саусақ ойыны: **Мақсаты:** саусақ қимылын жетілдіру, үлкендерден кейін қайталап айтуға үйрету. | **Қоршаған ортамен танысу «Бұл не?»** дидактикалық ойын **Мақсаты:** суреттен ойыншық аңдарды тануға, атауға, дыбысын, жүрісін салуға үйрету. | **Құрастыру** үстел-үсті ойыны **Мақсаты:** конструкторларды бір-біріне үстінен және жанынан біріктіре білуге үйрету. Балалардың өзіне өзі қызмет көрсету дағдыларын қадағалау. | **«Түстесін тап»** дидактикалық ойын **Мақсаты:** екі түрлі түстегі дөңгелектерді ажыратып, топтастыруға үйрету. | **Жапсыру «Әйгерімге арналған түрлі - түсті моншақтар» Мақсаты:** Ұсақ бөлшектерді түсі бойынша кезектестіріп, орналастыруға және жапсыруға, үйрету, қағаздың ерекшеліктерін нақтылау, жырту, бүктеуге үйрету. |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері туралы әңгімелесу, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша (жыл мезгіліне байланысты балаларды киіндіру) кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,** | **«Сақинаны кигізу»** үстел-үсті ойыны **Мақсаты:** сақиналарды тұғырға кигізу арқылы саусақ | **Сөйлеуді дамыту «Қуыршақ Әйгерім мен Динара балаларда қонақта»** Ойыншықтар | **Сурет салу «Сылдырмақ»** Балалардың ойыншықтар жайлы | **Сенсорика, құрастыру «Құлыншақтың жолы» Мақсаты:** Балаларға құлыншақтың жолын жасау үшін, берілген 4 түстен: қызыл, көк түсті тауып алуға | **Көркем әдебиет «Көліктер» Мақсаты:** затты көркем тілмен суреттей алуға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)** | қимылын, көзбен бағдарлай алуын дамыту. | туралы түсініктерін кеңейту, ойыншықтардың аттарын атай білуге, оларды сипаттап айтуға үйрету, (ы-і) дыбысын қайталату, дұрыс айтылуын жаттықтыру. | түсініктерін кеңейту. Сылдырмақ жайында әңгімелету, тақпақтар айтқызу арқылы сөздік қорын байыту. | үйрету.<br><br>**Үстел үсті ойыны «Текшелер»**<br>**Мақсаты:** өз ойын текшелер арқылы бейнелей алуға үйрету | Балалардың еркін әрекеттері |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Картотека № 4**<br>**«Аңдармен жаттығамыз»**<br>Б.қ. Аяқ алшақ, ойыншық төменде;<br>1-2 ойыншықты жоғары көтеріп, аяқ ұшына тұру;<br>3-4 б.қ. келу;<br>Б.қ. ойыншықты алға созып ұстау;<br>1-2 оңға, солға бұрылу, б.қ. келу;<br>Б.қ. ойыншық кеуде алдында;<br>1-2 алға енкейіп ,ойыншықты еденге қою;<br>3-4 б.қ. келу;<br>Б.қ.-т.с.<br>1-2 ойыншықпен отыру;<br>3-4 б.қ. келу; (4рет)<br>Ойыншықпен оңға ,солға айналу;<br>Қуыршақпен оңға, солға айналу (2реттен) | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау.<br><br>**Көркем сөз**<br>Қолымызды жуамыз,<br>Асханаға барамыз<br>Асханаға барған соң<br>Тамақ ішіп аламыз. | Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу,<br>**Көркем сөз «Бата»**<br>Дастарқаныңа береке берсін!<br>Бастарыңа мереке | Жуынатын бөлмедегі тәртіп пен тазалық.<br><br>**Танымдық әрекет. «Тазалық» туралы әңгіме жүргізу.**<br>**Мақсаты:** Тазалық туралы білімдерін | Кезекшілердің еңбек әрекеті (ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қою)<br><br>**Танымдық әрекет.**<br>**«Кім не жейді?» ойыны.**<br>**Мақсаты:** Балалардың жануарлар туралы білімдерін толықтыру. жұмыстарын жүргізу | Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету.<br><br>**Нан туралы тақпақ**<br>Нан қиқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар<br>Теріп алып, қастерлеп<br>Торғайларға тастаңдар!<br><br>**Мақсаты:** Балаларға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | берсін!<br>Астарыңа адалдық берсін!<br>Бастарыңа амандық берсін! Әумин | толықтыру. | | таңғы астың , нанның маңыздылығы жайлы айту, тамақты тауысып жеуге үйрету. |
| | Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру,тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | ***Жапсыру***<br>**«Доп»**<br>**Мақсаты:**<br>Эстетикалық тәрбие беріп, тазалыққа, ұқыптылыққа баулу. Қайшымен жұмыс. | Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелерге келісу және т.б.<br><br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Лабиринт»<br>Мақсаты: балалардың ойлауын, зейінін, көру аймағын кеңейту. | Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау,<br>**Қимылды ойын «Ұшады-ұшпайды»**<br>Мақсаты: Құстар мен заттардың айырмашылығын табу | **«Түстерді анықта?»**<br>**Мақсаты:** Балаларды түстерді анықтай білулеріне жаттықтыру.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын «Қуыршақты тамақтандыр»**<br>Мақсаты: Ірі құрылыс материалдарымен және конструктормен ойындар. | **Үстел үсті ойыны:**<br>«Бау байлап үйренеміз»<br>**Мақсаты:**<br>Балалардың қол моторикасын дамыту<br>**Сурет салу «Күн »**<br>**Мақсаты**Күн туралы түсінік беру,қаламды дұрыс ұстауға үйрету. |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | Дене шынықтыру | | Дене шынықтыру | Дене шынықтыру | Музыка |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). | | | | |
| **Серуен** | № 13<br>**Жаңбырды бақылау.**<br>**Мақсаты:**<br>Жаңбырды бақылай отырып , оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып | № 14<br>**Бұлтты бақылау.**<br>**Мақсаты:** Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін шарпы, будақ,қабатты бұлттарды ажырату.<br>**Мақсаты:** | № 15<br>**«Торғайлар мен мысық»**<br>**Мақсаты:**<br>қимылды ойын арқылы кеңістікті бағдарлай алуға үйрету | № 16<br>**«Жануардың дауысын сал»**<br>**Мақсаты:** дыбыстық жаттығулар арқылы, әріптерді дұрыс айтуға машықтандыру. | № 17<br>Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау.<br>**Мақсаты:** Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге деәсер ететіндігін түсіндіру.<br>**Еңбек**: Біздің ойын алаңы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түсіндіру.<br>**Еңбек:**<br>Ағаш түптерін қопсыту.<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау.<br>**Көркем сөз:** Ал керемет бұл қандай?<br><br>Төгіледі төбеден.<br>Көк теңізден құйғандай<br>Көл-көсір су не деген?<br>(Жаңбыр)<br>**Мақсаты:** Жұмбақ жаттатаотырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арртыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру. | Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу.<br>**Көркем сөз:**<br>Аспанға ұшар бу болып<br>Жерге қайтар су болып. (Бұлт)<br>**Мақсаты:** Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау.Ойлау қабілетін арттыру. | | | **Мақсаты:** Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау.Еңбекқорлыққа баулу.<br>**Көркем сөз**:<br>Жел тынымсыз гуілдеп,<br>Болып кетті тым бұзық<br><br>Шуылдайды тал терек,<br><br>Жапырағын жұлғызып.<br>**Мақсаты:** Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету. |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың реттілікпен шешінуі | Бір біріне шешінуге көмектесу | Киімдерін жинау.<br>Сөрелерін ретке келтіру | **Көркем сөз:**<br>Зеңгір көктен<br>Нұрын төккен<br>Ортақ біздің күніміз<br>Жайнап өскен, жайдары өскен<br>Біз өмірдің гүліміз | **«Біз тышқанбыз»**<br>**Мақсаты:** Мысықты оятып алмау үшін, тышқанның жүрісіне салу. Сапта дұрыс жүруге дағдыландыру. |
| **Түскі ас** | Гигеналық шараларды орындау | Кезекшілердің жұмысы ( асхана | Гигиеналық шаралар (қолды | **Ас қайыру.**<br>Асың, асың, асыңа, | Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)<br>**Ас алдында айтылатын тақпақ:**<br>Ас дегенде отырып,<br>Тәрбиешіні тыңдаймыз.<br>Тамақ ішіп болған соң,<br>Орнымызды жинаймыз. | құралдарын, майлықтарды үстелге қою) | дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу. | Береке берсін басыңа! | құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Үлкендерді сыйлау»<br>Әңгіме | Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау<br>«Ана мен бала»<br>Музыка | Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау<br>«Қуыр-қуыр-қуырмаш»<br>Музыка | Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау<br>«Үй жануарлары» Әңгіме | Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау<br>«Бала, бала, балақан»<br>Музыка |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары** | Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). | | | | |
| **Бесін ас** | Гигеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар). Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу (сөйлеуді дамыту). | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | **Жапсыру «Түстерді анықта?»**<br>**Мақсаты:** Балаларды түстерді анықтай білулеріне жаттықтыру. | **Құрастыру.**<br>**«Балабақша айналасындағы қақпалар»**<br>Тік төртбұрыш периметрі бойынша кірпіштерді белгілі бір аракашықтықта орналастыру арқылы құрылыс салуға | **Үстел үсті ойыны:**<br>«Бау байлап үйренеміз»<br>**Мақсаты:** Балалардың қол моторикасын дамыту | **Сурет салу «Сызықтар»**<br>**Мақсаты:** дұрыс жазуға машықтандыру | **Ойын «Кімнің заттары?»** (Достарының заттарын анықтау)<br>Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | үйрету.Тиянақты жұмыс жасауға тәрбиелеу. | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **«Қақпақты ашып жап»** дидактикалық ойын **Мақсаты:** бір-бірімен байланысты тура және кері әрекеттерді орындату.Алижан,Жансерік | **«Танып атын ата»** суретті кітапшалармен жұмыс **Мақсаты:** тануға және көрсетуге дағдыландыру. Адема,Дарын | **«Үй жасаймыз»** Қиынды суреттермен жұмыс **Мақсаты:** логикалық ойлауға үйрету. Азамат | **«Қызықты ойыншықтар»** ойыншықтармен ойын **Мақсаты**: достыққа баулу. Шаһ-Керім,Ералы | **«Сәйкес ұяшыққа орналастыр»** дидактикалық ойын **Мақсаты:** ойлау қабілетін арттыру. Мейір,Даниэль |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) тақырыбына жеке әңгімелер өткізу | | | | |
| **Серуен** | **Өткінші жаңбырды бақылау.** **Мақсаты:** Өткінші жаңбыр туралы түсінік беру. Жаңбырдың пайдасы , жаңбыр жауғанына қарап | **Көркем** сөз:<br>Жел тынымсыз гуілдеп,<br><br>Болып кетті тым бұзық<br><br>Шуылдайды тал терек, | **«Сақина»** **Мақсаты:** алақан арасына сақинаны жасыру арқылы шыдамдылыққа үйрету, тапқырлыққа баулу | **Қоршаған ортамен танысу** «Еңбекпен ел көгерер, Жаңбырмен жер көгерер». **Мақсаты:** Мақал үйрету арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру. | **Жұмбақ:**<br>Аспанға ұшар бу болып<br>Жерге қайтар су болып.<br>(Бұлт)<br>**Мақсаты:** Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | егістікті, бау бақшаны , саяжайдағы көкөніс, жеміс –жидек бәрін қолдан жауындатып суарудың пайдасын ашып түсіндіру. **«Кім бірінші» қимылды ойыны** **Мақсаты:** ойын ережесіне сай жарысу арқылы, жеңімпаз болуға асығу қабілеттерін арттыру | Жапырағын жұлғызып. **Мақсаты:** Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету. | | **Қимылдық ойын**: «Допты қуып жет». Балаларды тез жүгіруге үйрету, шапшаңдыққа , ептілікке тәрбиелеу. | Ойлау қабілетін арттыру. |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың киімін ретімен шешу, дербес және ойын әрекеті. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | **Құрастыру, жапсыру «Үй жасаймыз»** Қиынды суреттермен жұмыс. **Мақсаты:** логикалық ойлауға үйрету | **«Сәйкес ұяшыққа орналастыр»**дидактикалық ойын **Мақсаты:** ойлау қабілетін арттыру. | **Сенсорика «Түстер»** **Мақсаты:** түстер туралы білімдері мен сызу жұмысын жақсарту. | **Мүсіндеу «Алма жемісі»** **Мақсаты:** қол ептілігін қалыптастыру, саты туралы түсінік беру. | **«Қызықты ойыншықтар»** ойыншықтармен ойын **Мақсаты**: достыққа баулу. |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру. | | | | |

Тәрбиеші:С.К.Сарсенбаева

Әдіскер:Н.Е.Туребаева